

## 2023 жылғы 31 мамырдағы жоспардан тыс №7 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізу күні: 31 мамыр 2023ж.

Қатысқандар саны: 23

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №1 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы бойынша қорытындысы.

Мақсаты: білім беру сапасын арттыру негізінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы.

### Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2020-2023 оқу жылдарындағы жұмыс кезеңіне толық өзін-өзі бағалауын қорытындылау.

Осы сұрақ бойынша мектепке дейінгі ұйымның басшысы Б.Ы.Естаева сөз сөйледі, ол өзін-өзі бағалау бойынша қорытындыны оқыды. Қорытындыда білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер ұсынылды. Бағалаудың қосымшаларында көрсетілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде есеп жасалды.

Басшы Бибигуль Ырыскельдиновна кадрлық құрамға талдау жасады, "Павлодар қаласының №1 балабақшасы" мектепке дейінгі ұйым штаттық кестесіне сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған.

Ағымдағы жылы педагог кадрлар арасында жоғары педагогикалық білімі бар - 13 адам - 56%, арнаулы орта білім - 10 адам - 44%. 8 педагог мектепке дейінгі базалық білімі бар.

Қазіргі уақытта 3 педагог - 15% мектепке дейінгі жоғары дуалдық білім алуда.

Педагогтер аттестаттаудан жаңа форматта өтіп жатыр. 2020 жыл – педагог-зерттеуші - 1 адам - 4%. 2021 жыл - педагог-модератор - 1 адам - 4%, үшінші санатты басшы – 1 адам – 4%. 2022 жылы 2 адам аттестаттаудан өтіп, 2023 жылының қыркүйегінде бекітіледі. 2022-2023 оқу жылына 2 педагог жоғары санатты 9%, 2 педагог I санатты - 9%, 5 педагог II санатты - 22%, 1 педагог жаңа форматта педагог-сарапшы - 4%. Қалған педагогтар санатсыз - 56%.

Педагогикалық кадрлардың қайта даярлау курстық дайындығы бес жылда бір рет өткен, ал 2022 жылдан бастап курстық жұмысты өтудің үш жылда бір рет қайта даярлау перспективалық жоспары жасалды.

2019-2020 оқу жылынан бастап балабақша толығымен мемлекеттік тілде тәрбие мен оқытудың бағытына ауысты.

Педагогикалық құрам тұрақты емес, себептері әртүрлі.

Балалар контингентін талдау: балабақшада 8 топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тапсырыс 230 баланы құрады, 2023 жыл кезеңінде ол 208 баланы құрайды.

Әдіскер М.Т.Апешева әдістемелік көрсеткіштің қанағаттанарлық екенін атап өтті. Жылдық жоспардың міндеттерін орындау және жүзеге асыру әдістемелік

Әдіскер М.Т.Апешева әдістемелік көрсеткіштің қанағаттанарлық екенін атап өтті. Жылдық жоспардың міндеттерін орындау және жүзеге асыру әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы шешілді: педагогикалық кеңестер, педагогикалық сағаттар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т. б.

2023 жылдың 8 ақпанында балабақша базасында «Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, тәрбиеленушілердің қозғалыстың негізгі түрлерін меңгеруі арқылы дене шынықтыру сапасы мен қимыл белсенділігіндегі қажеттілікті дамыту» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Бұл шараға қаламыздың балабақшалары белсене қатысты. Балабақшаның дене шынықтыру нұсқаушысы Б.А.Малюкова «Ойын стрейчингі әдісі бойынша мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру» тәжірибесімен бөлісті. Ұйымдастыруға ат салысқан балабақша педагогтері Павлодар қаласының білім беру бөлімі тарапынан дипломдар мен сертификаттар табысталды.

31.05.2023 жылға дейінгі мерзімде есеп беру материалдарын жүйелендіріп, 1,2,3,4,5-қосымшаларға сәйкес өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша есеп, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері (біліктер мен дағдылар диагностикасы), мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын дайындады.

2022-2023 оқу жылы перспективалық жоспарлау, циклограмма, мониторинг ҚР Білім Министрінің 31.08. 2022 жылғы №385 бұйрығына, 2023 жылғы мониторинг өткізу туралы әдістемелік ұсынымдар, 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хат, 14. 10. 2022 жылғы №422 тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді.

Жүргізілген мониторингтік зерттеулер білім берудің әртүрлі жақтарын талдау құралы ретінде тиімді болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбиенің үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру және барлық бөлімдер бойынша оқыту қанағаттанарлық деңгейде.

Пәндік - кеңістіктік даму ортасын құру кезінде барлық талаптар сақталады.

Балабақшада инклюзивті практика жағдайында даму мүмкіндіктері шектеулі тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуде жүйелі және кешенді тәсілді қалыптастыру мақсатында барлық жағдай жасалды, сонымен қатар логопедиялық пункт жұмыс істейді.

Логопунктке 25 бала барады, бірінші кезекте – мектепалды топтардағы балалар.

Педагогтер 31.05.2023 жылға дейін оқу нәтижелерін бағалау үшін барлық қажетті материалдарды ұсынды. Мектепке дейінгі мекеме бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайларды туғызу туралы бейнематериалдар дайындалды.

Есепші Г.Ж.Жумадилова – материалдық-техникалық база деректерін, негізгі құралдарды сатып алған құжаттарды әзірледі.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің алынған қорытындылары бойынша қабылданды.

### **ШЕШІМДЕР:**

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жұмысын қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындыны толық көлемде қабылдансын.

3. Барлық жастағы топтардың тәрбиешілеріне жаңадан келге балалар үшін білім беру қызметтерін ұсыну ескерілсін. Мерзімі тұрақты.

**Төрайым  
Басшы**

**Хатшы  
Әдіскер**



Б.Ы.Естаева

Ш.М.Жалелова